

А.О.Тымболова^{1*}, К.С.Калыбаева², А.Мурзинова³¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан³Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: tymbolova@mail.ru, kalybaevakalamkas@gmail.com, msai2013@mail.ru)

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің құрамында сақталған тарихи уәждер¹

Мақалада қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің құрамында сақталған тарихи уәждер сөз етіледі. Оларды қарастырудың тіл тарихы үшін маңызы зор. Тіліміздегі кейбір тұрақты тіркестер құрамындағы сөздер сан мың жылдарды артқа тастаған соң, бастапқы мағынасы ұмытылып немесе ұмытылуға жақындап көмескілене бастайды. Сөз бір халықтан, екінші бір халыққа әртүрлі жолдармен ауысады. Осындай сөз ауысулары арқылы алыс дәуірлердегі ұлттар арасындағы мәдени байланыстар мен қатынастарды кей ретте әлдебір тарихи куәлар мен ескерткіштер қалмаса да білуге болады. Тіпті кейбір компоненттер идиомаға айналады. Сөздердің бұлай идиомалануы тұрақты тіркестердің мағынасынан туған ерекшелік болып табылады. Демек бірнеше сөздің тобы идиом болуы үшін көп уақыт, көп замандар қажет болады. Ана тілінің бай қазынасымен сусындаған әрбір адам тұрақты тіркестерді, небір афоризмдер мен мақал-мәтелдерді қолданады. Бірақ сол тұрақты тіркестердегі, мақал-мәтелдердегі кейбір сөздерді жеке-дара алып қарағанда кез-келген адамның түсіне беруі неғайбыл. Тілімізді қаншама меңгердік дегенмен оның беймәлім тұстары да жетерлік. Сондықтан ана тіліміздің біз үшін әлі де ашылмаған қыр-сыры көп. Сондықтан мақалада қазақ тіліндегі тұрақты тіркес сыңарларының дыбыстық жағынан көнерген түрлері қарастырылды.

Кілт сөздер: тарихи уәж, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, сөз төркіні, көнерген сөздер.

Kipicne

Ұлт тілдеріндегі бейнелі сөздер – фразеологизмдердің мағынасы көбінесе сол тілде сөйлейтін қауымға түсінікті. Алайда даяр қалпында жұмсалатын тұрақты тіркестер табиғаты өзіндік тұлға, мазмұн ерекшеліктерімен тіпті ана тілін білетіндер үшін де кейде түсінікті бола бермейді. Өйткені фразеологизмдер – ұзақ дәуірдің жемісі.

Сөз тарихы ұлт тарихымен тығыз байланысты. Қазіргі қазақ тілі де көне тілдердің бірі. Себебі қазақ тілі – көне түркі тілдерінің генетикалық негізін құрайтын бай тіл. Сөз бір халықтан, екінші бір халыққа әртүрлі жолдармен ауысады. Осындай сөз ауысулары арқылы алыс дәуірлердегі ұлттар арасындағы мәдени байланыстар мен қатынастарды кей ретте әлдебір тарихи куәлар мен ескерткіштер қалмаса да білуге болады.

Тіліміздегі кейбір тұрақты тіркестер тізбегіндегі сөздер сан мың жылдарды артқа тастағаннан соң, бастапқы мағынасы ұмытылып, я болмаса ұмытылуға жақындап көмескілене бастайды. Тіпті кейбір компоненттер идиомаға айналып өлі мүшелерінде ғана тіркесіп, тірлік кешеді. Сөздердің бұлай идиомалануы тұрақты тіркестердің мағынасынан туған ерекшелік болып табылады. Демек бірнеше сөздің тобы идиом болуы үшін көп уақыт, көп замандар қажет болады. Бұл пікірдің мақалдар мен мәтелдерге де қатысы бар.

Ана тілінің бай қазынасымен сусындаған әрбір адам ауызекі тілінде тұрақты тіркестерді небір афоризмдермен мақал-мәтелдерді қолданады. Бірақ сол тұрақты тіркестердегі, мақал-мәтелдердегі кейбір сөздерді жеке-дара алып қарайтын болсақ, кез-келген адамның түсіне беруі неғайбыл.

Тілімізді қаншама меңгердік дегенмен оның беймәлім тұстары да жетерлік. Сондықтан ана тіліміздің біз үшін әлі де ашылмаған қыр-сыры көп. Мәселен, кейбір жеке сөздің немесе сөз тіркесінің, мақал-мәтелдердің көпшілік үшін жалпы мазмұны таныс болуы мүмкін. Бірақ соларды жеке-дара алып қарайтын болсақ, олардың лексикалық, грамматикалық мағынасын ажырату, тұлғасы жағынан түстеп тану, шығу төркіні мен тілдік табиғатын анықтау кез келген адамның қолынан келе бермейді.

Фразеологизмдер жеке сөздермен салыстырғанда көріктеуіш құрал ретінде жұмсалатын бейнелі, экспрессивті, эмоцианалды мәнге ие. Атап айтқанда, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер қабатын құрайды. Сондай-ақ мәдени ұлттық мазмұнға аса бай келеді.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: tymbolova@mail.ru

Тіліміздегі кейбір сөздер уақыт өте келе көнеріп, құрып кетуі мүмкін немесе жаңадан пайда болып лексикалық қорды байытып жатады.

Ал фразеологизмдер болса халық өмірімен біте қайнасып, мәңгі өмір сүреді. Олар ешқашан жоғалмайды. Жоғалмайтын себебі де олардың алмастың жүзіндей өткір, тиген жерін тіліп түсер құдіреттілігінде. Адам ойы қанша жылдам болса, оны жеткізу сонша қиын. Осындайда астарлап айтып, ой тереңін ықшам сөздермен бере білуде халқымыз небір көркем сөз орамдарын орынды қолдана білген.

Кейбір сөздер тарихының көнелігімен байырғы ұғым, түсініктерді ашуға жетелейді. Сөздердің төркінін зерттеу арқылы қазақ халқының өткен өмірін, бай мұрасын, тұрмыс-салтын, мәдени-рухани өміріндегі өзгерістерін, басқа ел-жұртпен қарым-қатынасын көруге болады.

Негізгі бөлім

Қазақ тілінде тұрақты тіркес сыңарларының дыбыстық жағынан көнерген түрлері кездеседі. Және олар тілдік қолданыста жиі ұшырасады. Солардың бірі – *Ай дер әже, қой дер қожа жоқ*. «Осы мен тоқалдан тумаған шығармын, иттің құлы итақай газет шығарып, аузына келгенін айтып-ақ жатыр. «Әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа жоқ». (ҚӘ, 1995, №21) Салаласа тіркескен бұл мәтелдің параллель компоненттері өзара тең тұрып тоғысып, жарыса жұп құрап тұр. Осы тіркестегі көнерген компоненттер әртүрлі. Мәселен, осы мәтелдің мағынасын талдаған Ә.Нұрмағамбетовтың деректеріне сүйенсек, онда «ажа» тұлғасы былай талданған. «Ажа-ауылдың сыйлы, құрметті үлкен адамы» [1; 70]. Бұл мәтел қырғыз тілінде де бар дейді автор. Ажа жасы үлкен (старшой) К.Юдахин (Қырғызша-орысша сөздігі). Алтай, тува тілдерінде де мағынасы осы тәріздес. Өзіміздің сөздіктерімізден де «әй дер әже жоқ, қой дер қожа жоқ» тіркесінен «бетке қарсы келер ешкім жоқ» деген мағынаны көреміз. Осы берілген түсініктердің бәрінің жалпы мағынасы дұрыс.

Сөз о баста «а» дыбысымен басталған. Ал кейінірек әже қалпына жетуі, уақыт оза келе, алғашқы мағына көмескіленіп, бір дыбысты соған үндес екінші дыбыспен сәйкестендіруден туған құбылыс, - деп көрсетеді. Сөйтіп, «ажа» емес «әжені» дағдыға айналдырған. Әрі қарай, автор осы жорамаларды тіл деректерімен бекіте түседі. Көне түркі сөздігінде: (ДТС, 1969) *ачу* (6 бет) немесе *аджу* [2; 74] сөздері ескі түркі тілдерінде «әке» мағынасында қолданылған екен. Осы екі сөздің өз дәуірінде, түркі тілдеріндегі дыбыс заңдылықтарына сәйкес «ажа» деп айтылуы заңды да. Сонымен «ай дер ажа» дегеніміздің кезіндегі мағынасы – «ай дер әке», арыдан айтсақ, «әй дер құдай» болып түсіндірілмек [3; 89], – дейді ғалым.

Бұл сөз жайында А.Әбдірахманов былай деп жазады: «Түркі тілдерінде *й/ж/з/д/ч/с/с* дыбыстарының кеңінен алмасатыны белгілі. Осыған орай қазақ, қырғыз, алтай, тува, т.б түркі тілдерінде қолданылатын «ай» дейтін әже (ажа, ача) жоқ, «қой дейтін қожа жоқ» деген мәтелдегі әже сөзін проф. К.К. Юдахин «старшой» деп аударады. Бұл мәтелде аналық дәуірдің ізі жатыр. Ру басы әже (әйел басшы) болғанда айтылған сөз болуы керек. Мұндай мақал-мәтелде, тұрақта тіркестерде сөздің мағынасы көбірек сақталатыны лингвистикада белгілі құбылыс. Бурят – монғол тілдеріндегі *эжэн//эзэн* - «хозяин, владелец», қалмақ тіліндегі *эзн* – «хозяин» сөздері осы сөзге жақын, бір арнадан сияқты деген пікір айтады.

М.Әуезов еңбектерінің 19-томында осы тіркес жөнінде мынадай бір пікір бар. Енисей-Орхон жазулары мен “Ұлы Мемлекеттік” дәуірінде ежелгі қырғыз тілінде қолбасы немесе хақан “Ажо” деп аталған. Кейін жыршылардың ауызша айтуында өзгеріп, ол Әжі деген кісі атына айналған және оған бай дегенді қоса айтқан. Эпостың қазіргі нұсқаларының бірінде Әжібай деген кейіпкер бар. Ол – Манастың жақын достарының, шораларының бірі. Қазіргі тыңдаушылар үшін бұл сөз қажы, қырғызша айтқанда, әжі дегенмен үндес, ұқсас естілуі ықтимал. Бұл алғашқыда, о баста туған сөздер қаншалықты өзгеріске ұшырайтындығының анық айғағы [4; 144].

Дәл осы пікірді қайталайтын мына бір жорамалды да келтіре кетейік. «Қырғыздар билеушісін *ажо* деп атайды. *Ажо* басында алтыннан соғылған алуан өрнекті тәжі киіп отырады. Қорғаны Енисей бойында. Қатаң күзеті бар», - дейді Әл-Идриси жиһанкез. «Әй дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ» деген қазақ мәтеліндегі *ажо* осы аждан қалған шығар» [5; 257].

Әрине, бұл жорамал ғана. Әйтсе де бұл пікірлер бір сөздің көптеген ғасырларды артқа салып, бізге жеткенге дейінгі талай-талай өзгеріске ұшырауына нақты ғылыми дәлел бола ала ма, жоқ па оны уақыт көрсетер.

Профессор Б.Сағындықұлының зерттеуінде бұл тіркес былай талданады: «әже» деген сөзді жуан формасына түсірсек – «ажа», һибат-ул хақайик дастанында «Иигит қожа болар яны ескерүр»,

казакшасы: «жас қартайды», жаңа ескіреді деген өлең жолдары бар. Демек, көне түркі тілінде «Қожа»

«қартайған ер адам». Әр үйдің қартайған кісісі – сол үйдің қолында билігі бар қожасы. Осы сөз уақытысында араб елдерінен келген дін басыларға да «елдің қожасы, билеушісі» деген мағынада таңылған болуы керек,-дейді. «Ай, дер ажа, қой дер қожа жоқ» мақалындағы «қожа, ата» мәнінде тұрса «ажа» әже мәнінде тұр. «Ажа» – «ажым» сөзімен түбірлес. «Ажым» сөзі әдеби тілде – «әжім». Кемпірдің беті ерекше әжімденетіні себепті «ажа» аталуы мүмкін. Қысқасы, *ажа* мен *әже* сөздерін варианттас деп есептейміз [6; 92-93], -деп тұжырымдайды.

Сонымен, келтірілген тіркес құрамындағы *ажа* компонентінің этимологиясы туралы бірнеше пікір талдадық.

Сонда *ажа* деген көнерген сөздің негізгі лексикалық мағынасы – әйел. Б.Сағындықұлының түсіндіруінше, «абысын-ажын» қос сөзінің құрамындағы «ажын» тұлғасы да әйел деген мағына береді. Осы «абысын-ажын» қос сөзін тұтастай алып қарағанда, апалы-сіңілі деген ұғымды білдіреді. Мысалы, нағашы, ұрғашы сөздерінің құрамындағы **ашы** компоненті де әйел деген мағына береді. Нағашы – әйелдің жақындары. Ұрғашы – әйел жынысы деген мағына да жұмсалады [6; 146-147].

Біздіңше, әйел деген сөз бірте-бірте қартайған деген қосымша мағына жамап алған. Сонда «*ажа*» көнерген сөзін қартайған әйел деген мағынада да түсінеміз.

Ал «қожа» сөзі тарихи ескерткіштердегі фактілер бойынша, қартайған ер кісі деген ұғымды білдіреді. Осы тұрақты тіркестің құрамындағы *әй* және *қой* сөздеріне назар аударсақ, бірін әйелдер, екіншісін ер адамдар айтатынын аңғару қиын емес. Яғни, «*әй*» деп әйелдер, «*қой*» деп еркектер айтады. Талданып отырған тұрақты тіркестің негізгі лексикалық мағынасын осы заманғы мағынаға жуықтатсақ, «*әй* дер *әже*, *қой* дер *ата*» жоқ болып шығар еді.

Оның қабағынан ызғар шашу себебі де күйеуінің кесірі екенін Қадияша енді білді,оны елей қоймай, қара дүрсінге басып қолын бір сермеді (Ә.Әбішев, Жас түлектер, 148).

Осы мысалдағы **қара дүрсінге басты (салды)** фразеологизмі қарапайым, жабайы, жоба, мөлшерде деген мағыналарды ұғындырады.

«Дүрсін» сөзінің төркіні туралы деректі ғалым Ә.Нұрмағамбетовтың зерттеуінен кездестірдік. «Дүрсін» сөзін дербес күйінде түркі тілдерін былай қойғанда, соған жақын саналатын топ – моңғол тілдерінен де табу қиын. Алайда, арасы өте алшақ жатса да, маньчжур тілінде: *дерсен* – қарапайым, жай (простой) мағынасында қолданылады (ССТМЯ, 1, 273). Бұл жерде айта кететін жайт, «қара» сөзі көптеген сөздермен тіркесіп келгенде, «жай» мағынасында қолданылады. Өзімен мағыналас осы «қара» сөзіне «*дөрэен*» тұлғасы тіркесіп, қазақ тілінде «*қара дүрсін*» қалпына дейін жеткен. «*Ә*» дыбысы қазақ тілінде «*Ө*»-ге алмасып, «дәрсөн», одан әрі тіліміздегі *ө* ~ *у* дыбыс сәйкестігі заңдылығымен: *дурсун* > *дүрсін* тұлғасы туған (оған дәлел – төсек, өгей, дөнен кей жерлерде түсек, үгей, дүнен деп айтыла береді) [3; 78].

Профессор Б.Сағындықұлының көрсетуінше, есім сөздердің барлығына

-ын, -ін, -н жұрнағы жалғанып отырған. Яғни, мұндай көне жұрнақ жалғанған сөздер зат есім, сын есім, сан есімнің біреуі болып табылады.

Осы заңдылық бойынша талдасақ, *дүрсін* сөзінің түбірі – *дүрс*.Ежелгі дәуірде түркі тілінде **рс** дыбыс тіркесі жиі кездескен. Мысалы: зат есім – *барс*, еліктеуіш – *тарс-түрс* т.б. Демек тіліміздегі *түр* сөзі ежелгі дәуірде *түрс* түрінде қолданылған. С дыбысы түсіп қалуы нәтижесінде *түр* сөзі қалыптасып, *дүрсін* сөзінің құрамында сақталып қалған.

Сонымен **т** дыбысының ұяңданып **д**-ға айналуына байланысты **қара дүрсін** фразеологизмінің лексикалық мағынасы **қара түр** болса керек деп жорамалдаймыз.

Ыза кернеді, ашуы келді деген ұғымдарды білдіретін **зығырданы қайнау** тіркесі тілімізде **зығыры қайнау** деп те айтыла береді. Зығыр өсімдігіне ешқандай қатысы жоқ бұл тіркес “**зығырданы қайнаудың**” қысқарған түрі болу керек.

- *Атама!Еске алсам зығырым қайнайды. Әбінің орағы Әзімбайдың қалтасын қырықса, рауа зой деп ем! (М.Әуезов, II т., 56).*

Бұл тұрақты тіркестің этимологиясы тек *зығырдан* сөзіне ғана байланысты анықталатынын көреміз,-дейді Ә.Қайдаров. Бұл жердегі *зығырдан* парсы тілінен енген *заһардан*>*заһар*+*дан*, яғни “*зәһәр*” у құйған ыдыс; ауыспалы мағынасында “өт жолы” (“желчный пузырь”) деген мағына береді. *Заһарданның зығырданға* айналуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесі тұрғысынан дәлелдеуге болатын құбылыс. *Зәһәр* сөзі {*h*} дыбысының ерекшелігіне байланысты бірде *зәр* (зәр қашад), бірде *зығыр* (*h*~*г*, *ә*~*ы*) түріне ауыса береді.

Сонымен, Ә.Қайдаров, бұл тіркестің, *зығырданның қайнауы*, яғни у салған ыдыстың қайнауы мен қатты ашуланудың, бойды ыза кернеудің арасында логикалық та, образдылық та байланыс, ұқсастық бар деп көрсетіп, бұл үдерісті биологиялық тұрғыдан да дәлелдеуге болады дейді.

Жанды (жанын) жегідей жейді. Жанын қатты қинады, ішқұса уайым болды, азапқа сала мазалады (ҚТФ, 182). Он томдық түсіндірме сөздікте жегі сөзіне жеп құртатын ауру, құрт деген түсінік берілген.

Жібершілеп тапсыр салған ой ма екен,

Немене екен, әлде жегі жей ме екен. (Б.Құләев).

Ол Зияш басына төнген қара естігелі ұмыт болған уайымы жанын қайтадан жегідей жеп, құсасы ішінде (М.Мақатаев, Қос қарлығаш, 1988, 65).

“Жегі” сөзінің алғашқы шыққан тегі түркі тілдері деп шамалауға аз-кем деректер жоқ емес, - деген ғалым Ә.Нұрмағамбетовтың пікіріне назар аударалық. Одан әрі зерттеуші бұл сөздің төркінін төмендегіше өрбітеді.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері тілінде осындай дыбыс құрамындағы сөздің екі мағынасы кездеседі. Біріншісі, иегу-ас, тамақ (ДТС, 253). Қазіргі қырғыз тілдерінде осы түбірден туындаған: *жегиликүу* – ішіп-жеуге жарамды, дәмді мағынасында ұшырасатынын көрсеткен жөн.

Түркі тілдерімен туыстас саналатын монғолдарға: *зоог* – ас, тамақ, ас-суы мағынасын береді (Мон.-каз. сөз.,; Қаз.-мон. сөз.). Бұл да “*жегі*” сөзінен онша алшақ кетпейді.

Осы тілдік деректерге қарағанда, адам немесе жануар тәніне зақым келтіретін жоғарыдағы сөздер пайда болуы мүмкін деген ой оралады. Егер «*жегідей жеуді*» көрсетілген тілдік деректерге сүйеніп, қазіргі тұрғыдан қазақшаласақ – тамақ сияқты, тамақша жеу болмақ. Дәлірек айтқанда, құрт қасиеті – тірі тәнді өзінің өмір сүруі үшін жеп пайдаланады. Әрі ойсырата, обыға жейді. Мұндай қасиетті тілімізде “*обыр*” деп те атайтыны белгілі. Енді осы мағыналас сөз басқа түркі тілдерінде былай дыбысталады. Мысалы: хакас тілінде: *геек* – обыр (Хака.-рус. сл.); туваша: *чазый* – обыр (Рус.-тув.сл.) мағыналарына нұсқайды. Бұл жерде қазақ тілінде «ч»-ның «ж»-ға, «к» немесе «з»-ның «г» дыбысына ауысу заңдылықтарын түсіндіріп жату артық. Соңғы тілдік деректерге сүйенсек, «*жегідей жеу*» тіркесінің бізге түсініктірек мағынасы – «*обырдай жеу*» дегенді аңғартады.

Жоғарыда бұл сөздің екі мағынасы бар деп айтылды. Соның екіншісі *йегу* – өткір пышақ, ұстара (ДТС, 253). Бұл құрал да жұмысты ойластыра, обыға орындайды емес пе? Ғалым «*жегі*» сөзінің төркінін теңеу, бейнелеу, ретінде осыдан шығарсақ та болады дей отырып, «өткір пышақ, ұстара» мағынасында «*жегі*» тұлғасы қазіргі түркі тілдерінің бірде біреуінде кездеспейді. Сондықтан, алғашқы пікіріміз дұрыс деген қорытынды жасайды [3; 108]. Біздіңше, **жанын жегідей жеді** фразеологизмнің басқаша талдауға да болады. Көне түркі сөздігіне йек – жын – пері деген мағынаны білдіреді. Қазақ тіліндегі **жексұрын** сөзі **жек көру** фразеологизмнің құрамында кездеседі. «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» мақалының құрамындағы жік пен көне түркі сөздігіндегі йек сөзінің мағынасы бір. Мақал да бұл жын-шайтан, пері шықты деген ұғымда жұмсалып тұр.

Ал құрт болса тек материалдық дүниені, яғни өкпені т.б жей алады. Рухты жей алмайды. Рухты жейтін жын мен пері.

Сонымен бұл тұрақты тіркес жанымды жын-шайтандай жеді деген мағынаны білдіреді деп топшалаймыз.

Тілдік қолданысымыздағы **мысы құру** тұрақты тіркесі де жиі қолданылады. Амалы таусылды, лажсызданды (ҚТФС, 400) ұғымын білдіретін бұл фразеологизмнің жалпы мағынасы түсінікті сияқты.

Әжемнің әзір жүре қоймайтынына көзім жетіп, мысым құрып жарыла жаздаймын. (М.Мақатаев, Әже, 42).

Қаскүнем жер астына қалды бұғып,

Барады жануар ат әлі құрып.

Бұрылмас бауыздасаң басы қатты,

Талды ма шіркін жігіт мысы құрып

(Ғ.Қайырбеков).

Ал, осындағы мысы дегеніміз не?

Академик Ә.Қайдаровтың деректеріне сүйенсек, бұл сөздің төркінін былай түсіндіреді: бұл сөз тәуелдік формада тұрғандықтан, негізгі түбірі мыс болады. Бірақ, “медь” мағынасындағы “мыспен” еш қатысы жоқ. Бұның бұрынғы мағынасы ұмыт болып, тек осы фраза құрамында ғана кездеседі. Алайда, бұл сөз көне түркі, қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде әртүрлі фонетикалық тұлғада

(*біс-быс-ныс-піс-мыс-міс* түрінде) сақталған. Және де о баста да, қазір де пышақ, қылыш, селебе тәрізді өткір аспаптардың жүзін білдіреді. Сонда тіліміздегі мысы құру//мысы қайту фразалары басқаша айтқанда «жүзі қайту, жүзі қайырылу, мұқалу» деген нақтылы мағынаның негізінде жасалып, идиоматикаға айналған.

Сонымен, *мыс* сөзі түркі тілдерінің төл түбірі. Бұл сөздің арғы төркіні пышақ, пішу, пішен тәрізді сөздер екені байқалады. Яғни, *мыс* та *пиш* те бір түбірден өрбіген сан алуан этимологиялық варианттар. Мысалы, қазіргі ұйғыр, тува тілдерінде *бис* сөзі жеке-дара қолданылады. Махмұт Қашғари заманында *піш/біс* түбірлері туынды түбір болып есептелінген. Мәселен, көне ұйғыр жазу ескерткіштері тілінде *бі* “пышақтың жүзі, пышақ сияқты аспап” мағынасында қолданылып, *бі бісри* қос сөзі “қол қаруы” мағынасында жиі кездескен. Кейінгі дәуірлердегі *пиш ~ піс ~ быс ~ біс ~ мыс ~ міс* тәрізді тұлғалар-с/-ш форманты арқылы жасалған туынды түбір. Ғалым дәл осы дәуірде олар кимылды да, затты да білдіретін синкретикалық қасиетке ие болған, – деп қорытынды жасайды [7; 291].

Қорытынды

Сонымен ойымызды осы фразеологизмдердің құрамындағы көмескі сөздерді зерттеуге жол ашып, із түсірген ғалым Ә.Қайдаровтың «Бүгінгі таңда бізге беймәлім мағынасы күңгірттенген, қолданылуы шектелеген сөздердің бірқатарын ғасырлар бойы қалыптасып, тұрақтанып, біртұтас болып құрылған фразеологизмдер құрамынан іздегеніміз абзал. Біле-білсек, бұл тәрізді сөздердің мағынасының күңгірттенуіне де және сол сөздердің құпия-сырын ашып беруге де себепші болатын фразеологизмдердің өздері болмақшы» [7; 291], – деген пікірімен қорытындылағымыз келіп отыр

Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09260438 гранты)

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Древнетюркский словарь. – Ленинград, 1969. – 735 б.
- 2 Қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігі. I том. – Алматы, 1974-1986.
- 3 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз / Ә. Нұрмағамбетов. – Алматы: Рауан, 1994. – 309 б.
- 4 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы: 19 - т. – Алматы : Жібек жолы, 2004 .– 144 б.
- 5 Айтматов Ш., Шаханов М. Ғасыр айрығындағы сырласу / Ш. Айтматов, М. Шаханов. – Алматы: Рауан, 1997. – 257 б.
- 6 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері / Б. Сағындықұлы. – Алматы: Санат, 1994. – 261 б.
- 7 Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері / Ә. Қайдаров. – Алматы, 1998. – 308 б.

А.О. Тымболова, К.С. Калыбаева, А. Мурзинова

Исторические мотивы в составе фразеологизмов казахского языка

В статье рассматриваются исторические мотивы, сохранившиеся в устойчивых словосочетаниях казахского языка. Их изучение важно для истории языка. Доказано, что слова в некоторых устойчивых словосочетаниях языка по прошествии тысяч лет начинают терять свое первоначальное значение или становятся неясными. Слова передаются от одного народа к другому разными путями. Посредством этого можно узнать о культурных связях и отношениях между народами в древние времена, даже если иногда нет исторических записей и памятников. В статье обосновывается процесс возникновения идиом, рассматриваются фонетически устаревшие формы устойчивых словосочетаний в казахском языке. Авторы приходят к выводу, что необходимо достаточно большого количества времени, чтобы группа слов превратилась в идиому.

Ключевые слова: исторические мотивы, устойчивые словосочетания, пословицы, происхождение слова, устаревшие слова.

A.O. Tymbolova, K.S. Kalybayeva, A. Murzinova

Historical motifs in the phraseological units of the Kazakh language

The article considers the historical motives preserved in the set phrases of the Kazakh language. Their consideration is important for the history of the language. Words in some of the set phrases of our language, after thousands of years, begin to lose their original meaning or become unclear. Words are passed from one people to another in different ways. Through such exchanges, one can learn about cultural ties and relations between peoples of distant times, even if sometimes there are no historical records and monuments. Even some of the components are becoming idioms. This idiomizing of words is considered to be a difference that emerged from the meaning of set phrases. Thus, it takes a long time for a group of words to turn into an idiom. Everyone who grew up on wealth, embodied in the treasure of their native language, uses the correct phrases, aphorisms and proverbs. But hardly anyone will understand individual words in these set phrases and proverbs. No matter how much we know our language, there are many unknown words. Therefore, many aspects of our native language are not yet revealed to us. Therefore, the article discusses phonetically outdated forms of set phrases in the Kazakh language.

Key words: historical motives, set phrases, proverbs, origin of the word, obsolete words.

References

- 1 (1969). Drevnetiurkskii slovar [Ancient Turkic dictionary]. Leningrad [In Russian].
- 2 (1974-1986). Qazaq tilinin 10 tomдық tysindirme sozdigi [10-volume explanatory dictionary of the Kazakh language]. Vol. I. Almaty [In Kazakh].
- 3 Nurmagambetov, A. (1994). Bes zhyz bes soz [Five hundred and five words]. Almaty: Rauan [In Kazakh].
- 4 Auezov, M. (2004). Shygarmalarynyn elu tomдық tolyq zhinagy [Fifty-volume complete collection of his works]. Vol.19. Almaty: Zhibek zholy [In Kazakh].
- 5 Aitmatov, Sh. & Shahanov, M. (1997). Gasyr airygyndagy syrlasu [A turn-of-the-century affair]. – Almaty: Rauan [In Kazakh].
- 6 Saғыndyquly, B. (1994). Qazaq tili leksikasy damuynyn etimologiialyk negizderi [Etymological bases of Kazakh language vocabulary development]. Almaty: Sanat [In Kazakh].
- 7 Qaidarov, A. (1998). Qazaq tilinin ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. Almaty [In Kazakh].